

«АДАЛ ҮРПАҚ» ЕРИКТІ МЕКТЕП КЛУБЫНЫң ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ
«С.Сейфуллин атындағы гимназиясы» КММ

Жалпы ережелер

Осы Рухани – адамгершілік және азаматтық – патриоттық тәрбиелеу контекстінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті мектеп ортасында қалыптастыру бағдарламасы (бұдан әрі — Бағдарлама) Тұжырымдамалық тәрбиелеу негіздеріне сәйкес дайындалған жәнебастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру бағдарламалары бойынша оқытын балаларға арналған сыйбайлас жемқорлыққа қарсы сипаттағы тәрбиелік іс-шаралар ұйымдастыруды қамтитын тәрбие жұмысын жүргізу тәртібін белгілейді.

Тәрбие жұмыстың мақсаты және міндеттері

Осы бағдарламаның мақсаты мектепте аса өнегелі, жауапты бастамашыл және әлеуметтік құзырлы азаматты және патриоты қалыптастыру үшін жағдай жасау. Көрсетілген мақсатты іске асыру үшін келесі міндеттер қойылады:

- рухани-адамгершілік және азаматтық – патриоттық тәрбиелеуге бағытталған шараларды іске асыру;
- оқушылардың мемлекеттік билік институттарына сенімін арттыру;
- оқушылардың саяси – құқықтық білімін қалыптастыру;
- оқушылардың сыйбайлас жемқорлыққа қарсы міnez - құлқының адамгершілік – этикалық құндылық негіздерін қалыптастыру.



Кешенді іс-шаралар откізу үшін келесі тәрбиелеу түрлері қолданылады:

- адамгершілік тәрбиелеу мораль дық-этикалық қағидаларын қалыптастыруға, әр оқушының сыйбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілікті қалыптастыруға бағытталған;
- әлеуметтік-құқықтық тәрбиелеу азамат және мемлекет арасындағы қарым-қатынастардың мәні туралы түсінік алуға, құқықтар мен міндеттер туралы білім алуға, құқықтық нормаларды сақтау қажеттілігіне көз жеткізуге, сыйбайлас-жемқорлық қоғамдық қауіпін түсінуге бағытталған;
- эстетикалық тәрбиелеу оқушылардың эстетикалық талғамын және қоршаған ақиқатқа мейірімді және патриоттық көзқарасын тәрбиелеуге жәрдемдесетін оқушылардың өнер, әдебиет туындыларының көркемдігін түсініүін дамытуға бағытталған.